



## БҰЙРЫҚ

*219-ер/г 02.09.2025 жыл*

Астана қаласы

## ПРИКАЗ

№ *219-ер/г 02.09.2025*

город Астана

**Мектеп оқушыларының 2025-2026 оқу жылында  
бірінғай міндетті мектеп формасын сақтауы туралы**

Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығына және Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңының 47-бабының 15-1 тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Астана қаласы әкімдігінің «№98 мектеп-лицей» КММ міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар бекітілсін:

1) Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізілсін.

2) Мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінсін.

3) Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтері қосылмасын, соның ішінде бас киімге қатысты діни атрибуттарды (крест, хиджаб, никаб, паранжа, чадра, ермолка, орамал, тюрбан, иудей-кипа бас киімдері, бурка және т.б.) киюге тыйым салынсын.

4) Мектеп формасына қойылатын талаптар бойынша жаракаттайтын фурнитурасы бар киім мен аксессуарлар киюге тыйым салынсын.

5) Ұлдардың мектеп формасы төмендегі көрсетілген тәртіпте сақталсын: пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрсын.

6) Қыздардың мектеп формасы төмендегі көрсетілген тәртіпте сақталсын: пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска



(кысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрсын.

7). Ұлдардың мерекелік формасы күнделікті формаға қосымша ак жейдеден, қыздар үшін ак түсті блузкадан құралсын.

8) . Ұлдар мен қыздарға арналған спорттық форма`спорттық костюмнен (спорттық шалбар, куртка, футболка), спорттық аяқ киімнен (крассовка, кеды) тұрсын.

2. Осы Талаптармен ата-аналарды немесе заңды өкілдерді білім алушыны білім беру ұйымына қабылдау туралы өтініш (еркін нысанда) беру кезінде қол қойғызу арқылы және жалпы мектептік ата-аналар жиналысында таныстырылсын.

3. Міндетті мектеп формасын қолдануда орта білім беру ұйымдарының бірыңғай келісімі қамтамасыз етілсін, ата-аналардың мектеп формасына жағымды қатынасын қалыптастыру, оқытудың зайырлы сипатын сақтау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Г.А.Калиева, А.Т.Султановаға және кеңестердің (қамқоршылық кеңес, ата-аналар комитеті, мектептегі өзін-өзі басқару) жауапкершілігіне жүктелсін.

4. Міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар орта білім беру ұйымдарының фойесінде, ал таныстыру мақсатында орта білім беру ұйымдарының Интернет-ресурстарында жариялансын.

Директор



Г.А.Оспанова